

Тайынша Мәңгі

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 34 (886) 5 тамыз, 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ТҰРАҚТЫ САҚТАНДЫРЫЛУ МӘРТЕБЕСІ

Жүргізіліп жатқан ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына, әлеуметтік желілердегі, газеттердегі жарияланымдарға қарамастан, студенттер "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ СҚО бойынша филиалына "МӘМС жүйесінде мәртебені қалай алуға болады" деген сұрақпен жиі жүгінеді.

Егер медициналық ұйымға жүгінген кезде сіздің мәртебеңіз "сақтандырылмаған" болса, не істеу керек? Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан студенттері Ұлттық білім беру деректер базасына (бұдан әрі – ҰБДҚ) енгізілген, бұл ҚР БҒМ базасы. Бұл базада шетелде оқитын студенттер жоқ.

egov.kz электрондық үкімет порталында "шетелде оқитын студенттерді тіркеу" сервисі іске асырылды. Мемлекеттік орган көрсетілген қызметті 10 жұмыс күні ішінде тегін көрсетеді.

Шетелдік жоғары оқу орындарында оқитын студенттер тұрақты сақтандырылу мәртебесін қалай ала алады?

МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесін алу үшін студенттерге egov.kz. порталында тіркелу қажет

Қадам 1. Электрондық үкімет сайтына өту egov.kz және кіру.

Қадам 2. "Сервистер" бөлімінде "шетелде оқитын студенттерді тіркеу" тармағын таңдау.

Қадам 3. Өтінімді толтыру және оған электрондық цифрлық қолтаңбамен немесе смс-пароль арқылы қол қою.

Қадам 4. Өтінімді өңдегеннен кейін Сіздің жеке кабинетіңізге хабарлама келеді. Сіздің деректеріңізді тиісті мемлекеттік орган тексереді және МӘМС жүйесіндегі сіздің мәртебеңіз "сақтандырылған" деп өзгереді.

Назар аударыңыз, сіз сессияның соңына дейін сақтандырыласыз.

Сондықтан, әр сессиядан кейін студент жүйеде мәртебесін тексеруі керек.

МӘМС жүйесінде өз сақтандыруыңыздың мәртебесін бірнеше тәсілмен тексеруге болады:

- әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының <https://fms.kz> сайтында төменгі оң жақ бұрышта "статусты тексеру" қалқымалы терезесі арқылы ЖСН енгізу қажет;

- Telegram SaqtandyruBot - та "Бас мәзір" командасын таңдауға, әрі қарай "сақтандырылу мәртебесін анықтау", содан кейін ЖСН енгізуге болады.

- электрондық үкімет порталының жеке кабинетінде <https://egov.kz/cms/ru> авторизациялау кезінде мәртебе пайдаланушы туралы мәліметтер арасында автоматты түрде көрсетіледі. Егер жоспарлы түрде медициналық көмек қажет болса, онда әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы арқылы 1 ай мерзімге уақытша мәртебе алуға болады.

Qoldau 24/7 көмегімен қалай уақытша сақтандыруға болады?

Халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтары мемлекеттен медициналық сақтандыру жарналарының арқасында МӘМС шеңберінде медициналық көмек ала алады. Уақытша сақтандырылу мәртебесін (Жеке тұлғалар санаттары бойынша сақтандырылмағандығы анықталған жағдайда) Qoldau 24/7 қосымшасының көмегімен үйден шықпай-ақ алуға болады.

* AppStore немесе Play Market көмегімен Qoldau 24/7 мобильді қосымшасын жүктеп алыңыз және орнатыңыз;

* Жүйеде тіркеліңіз: электрондық мекенжайды, тегін, атын және байланыс телефонын енгізіңіз;

* Тіркелгеннен және кіргеннен кейін төменгі оң жақ бұрыштағы "бізге жазыңыз" түймесін пайдаланыңыз;

* "Өтінішті құру" нысанында "кеңес беру" санатын таңдаңыз;

* Әрі қарай, тұратын аймақты таңдаңыз;

* "Өтініш мәтіні" жолында міндетті түрде жеңілдік санатын және өз ЖСН көрсетіңіз;

* Сканерленген құжатты немесе растайтын құжаттың суретін тіркеңіз. "Файлды тіркеу" түймесін басып, галереядан құжатты таңдаңыз немесе суретке түсіріңіз; * "Өтінішті жіберу" батырмасын басыңыз;

Сәтті толтырылған жағдайда "өтініш сәтті жасалды! Терезені жабу үшін басыңыз". Барлық талаптарға сәйкес болған жағдайда МӘМС жүйесіндегі сіздің мәртебеңіз 30 минут ішінде жаңартылады.

Сұрақтар туындаған жағдайда Абай көшесі, 57 мекен-жайына азаматтарды қабылдау кабинеті (№12) хабарласуыңызға болады.

Кеңес алу үшін байланыс телефондары: 8-(715)2-555165, 555164.

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ СҚО бойынша филиалының директоры Гордеева Л.Б.

ІНДЕТ БАРЛЫҚ ӨҢІРДЕ ӨРШІП БАРАДЫ

Елімізде кейінгі екі аптада коронавирус инфекциясын жұқтыру жағдайы 3,2 есе өсті. Бүгінде індеттің белсенді таралу қарқыны барлық өңірде байқалып отыр. Бұл ретте Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният Орталық коммуникациялар қызметі алаңында эпидемиялық ахуалға қатысты кеңінен мәлімет берді.

«Қазақстанда КВИ жұқтыру жағдайының қайта көбеюі сипат алып жатыр. Кейінгі екі аптада алдыңғы апталармен салыстырғанда індетке шалдыққандардың саны 10 мыңнан 34,5 мыңға жетті, яғни өсім 3,2 есеге құрайды. Індеттің кең таралуы барлық өңірде байқалады. Бағалау матрицасына сәйкес бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы «сары аймақта», қалған өңірлер «жасыл аймақта» тұр. Қазір вирустың бұл түрі жеңіл өтіп жатқанымен, бірнеше санаттағы адам үшін әлі де қауіпті болып отыр. Тәулігіне коронавирус инфекциясының оң нәтижесімен 3 мың жағдайға дейін тіркеліп отыр. Індеттің қазіргі түрінде ауру жеңіл өтеді. Бірақ аурудың қатаң түрімен ауыратындарға жүкті әйелдер, 60 жастан асқан адамдар, созылмалы, қосалқы аурулары бар науқастар, КВИ-ға қарсы вакцина салдырмағандар жатады», деді А.Ғиният.

Жалпы, індеттің қайтадан күшіне міне бастағаны әлемнің тұс-тұсында байқалып жатыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша кейінгі аптада 69 елде КВИ жұқтырушылар күрт көбейген. Мысалы өткен аптада әлемде 6,5 млн адам індетке шалдығып, осы дерттің салдарынан 14 адам қайтыс болған. «КВИ-мен сырқаттанудың қазіргі сипаты – науқастарда ауру жеңіл түрде өтуінде. Алайда дер кезінде емделмесе, ауру асқынады. Бұл науқастардың 94%-дан астамы амбулаториялық жағдайда емделетінімен де расталып отыр. Қазіргі таңда республикада 5 062 тесектік орны бар 191 инфекциялық аурухана КВИ бойынша стационарлық көмек көрсетеді. Төсектік орынмен қамту 28%-ды құрайды. Реанимациялық төсектік орын 7%-ды құрайды. Сондай-ақ инфекциялық төсектік орын қолдану көрсеткіші Нұр-Сұлтан қаласында 55%-ды және Солтүстік Қазақстан облысында 59%-ды құрап отыр. Ал реанимациялық төсектік орынмен қамтудың ең жоғары көрсеткіші Нұр-Сұлтан қаласында – 28% және Түркістан облысында – 20%. Бүгінгі таңда КВИ диагнозымен 43 пациент ем алып жатыр. Сараптама, тексерістер кезінде қарағанда, пациенттердің 20,3%-ынан артығында артериялық гипертензия ауруы, 7%-ында өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, 5%-ында жүректің ишемиялық ауруы, 8%-дан астамында қант диабеті сияқты созылмалы аурулары бар», деді ведомство басшысы.

Денсаулық сақтау министрінің айтуынша, КВИ-мен ауырған науқастарды емдеу үшін дәрі-дәрмектің және медициналық мақсаттағы бұйымдардың көлемі жеткілікті. Өңірлерде коронавирус инфекциясын емдеу үшін дәрілік заттардың 16 атауы бойынша екі айлық қор қамтамасыз етілді. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарында жалпы сомасы 1,3 млрд теңгеден артық дәрілік заттардың қоры бар. Сонымен қатар министрлік бөлшек және көтерме сауда орындарда дәрілік заттардың жеткілікті болуына тұрақты мониторинг жүргізіп отыр екен. Бұған қоса осы жылдың басынан бастап медициналық ұйымдарға 6 млрд теңгеге дәрілік заттар әкелінді. Бұл жылдық көлемнің 70%-ын құрайды. Сондай-ақ брифинг барысында коронавируспен ауру шектеу шаралары қандай жағдайда қатаңдатылатыны туралы айтылды.

«Қатаң шектеу шараларын қандайда бір өңір немесе республика «қызыл аймақта» болған жағдайда енгіземіз.

* * * * *

КҮЗГІ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРҒА ДАЙЫНДАЛУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Күзгі жоспарлы профилактикалық ветеринариялық ем-дом шараларын жүргізу қоғамдық және жеке меншік сектордағы барлық жануар иелері үшін міндетті іс-шара болып табылады.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-ІІ Заңының 25-бабы 5 және 7-тармақтарына сәйкес жануарлардың иелері мен мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілер ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы вакцина егуге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге міндетті.

Облыста жануарларға міндетті күзгі ветеринариялық ем-дом жасау шаралары басталды, олардың негізгі мақсаты – жануарлардың саулығын сақтау, өнімділігі жоғары сау табындар құру, аурулардың, соның ішінде адам мен жануарға ортақ аурулардың уақтылы диагностикасын жүргізу, қауіпсіз мал шаруашылығы өнімін алу. Алынған деректер нәтижесі негізінде ұйымдастыру-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық, профилактикалық және емдеу іс-шаралары жүргізіледі.

Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы бекітілген эпизоотияға қарсы іс-шаралар жоспарына сәйкес сібір жарасына, құтыруға, нодулярлы дерматитке және басқа да ауруларға қарсы вакцина егу, бруцеллез бен туберкулезге диагностикалық зерттеулер жүргізіледі. Жоспарлы диагностикалық зерттеулер ауру жануарларды анықтап,

«Қызыл аймақтың» өзін біз екі кезеңге бөлдік. Бірінші кезеңде маска тағуды міндеттейміз. Қазір республика негізінен «жасыл аймақта» тұрғандықтан, маска тағуды ұсынып қана отырмыз. Пандемия екі жылдан аса уақыттан бері жалғасып келеді. Халық жақсы біледі. Сондықтан өзіңіз тұратын өңірде науқастар көбейген болса, маска тағыңыз. Байқасаңыздар, бизнеске ешқандай шектеу шараларын қабылдап жатқан жоқпыз. Денсаулық сақтау министрлігі алдын алу шараларын сақтауға кеңес береді. Бұл өзіңізді де, халықты да ауру жұқтырудан сақтайды. Қазір ауру біршама жеңіл өтіп жатқаны белгілі. Бірақ халықтың денсаулығына қатер төнсе немесе ауыр жағдайлар көбейіп, өлім-жітім жиілеп кетсе, қабылдайтын шараларды қайта қараймыз», деді А.Ғиният.

Сонымен қатар індеттің таралуына байланысты білім беру ұйымдарында шектеулер енгізілуі мүмкін. Себебі қазір ауру жұқтырған балалардың саны да аз болмай тұр. Олардың ағзасының ерекшелігіне қарай вирусқа шалдыққанда сепсис, шок сияқты асқынулар болып жатады. Министрдің айтуынша, оқу жылы басталғанда мектептегі санитарлық талаптар күшейтіледі. Егер қыркүйек айында ауру өршіп тұрса, онда балалар қатысатын көпшілікке арналған іс-шараларға шектеу қойылады. Сондай-ақ өңірлердегі ахуал да ескеріледі. Жыл басынан бері 6 мыңнан аса бала ауырды. Қазір ауруханада 423 бала КВИ-ден емделіп жатыр. Әр баланың денсаулығы министрлік деңгейінде қаралады. Бүгінде осы ауырған балалардың 21%-ында ауру жеңіл, 77%-ында орташа, 0,7%-ында ауыр халде өтіп жатыр, ал 3 бала жансақтау бөлімінде жатыр. Оларды емдеуге республикалық деңгейдегі мамандар араласады.

Індеттің алдын алудың бірден-бір жолы – вакцина салдыру. Осы орайда елімізде вакцина қабылдауға жарайтын азаматтардың 80%-дан астамы немесе жалпы халықтың 56%-ы вакцина алды. Ал ревакциналаумен 5 млн-нан аса адам қамтылды. Бір тәулікте 14 мыңнан аса адам вакцина салдырып жатыр. Қазір Қазақстанда вакцинаның үш түрі – QazVac, Sinofarm және Pfizer қолжетімді, барлығы 1 млн 200 мың доза бар.

Бүгінде әлемде кең таралып жатқан маймыл шешегінен сақтануды назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл ретте А.Ғиният Қазақстанда маймыл шешегін диагностикалаудың әдістемесі әзірленіп жатқанын атап өтті.

«Маймыл шешегі бойынша 89 елде 25 мыңнан аса жағдай тіркелген. Ауру аталған елдерде көбінесе жеңіл түрде өтіп жатыр. Мысалы, бүгінгі ақпаратты қарасақ, 7 елде 8 өлім жағдайы болған, яғни ауру кең тарап жатқан жерлерде бір-бір қайғылы жағдай болған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының кеңесі – маймыл шешегіне қарсы арнайы екпе жүргізудің қажеті жоқ. Сондықтан аталған ұйым тарапынан қандай да бір нұсқау болса, соны орындауға тырысамыз. Ал өзіміз осы ауруға ұқсас симптомдары бар науқастарға мониторинг жүргізіп жатырмыз. Сонымен қатар аталған аурудың диагнозын қою үшін диагностикалар алып қоймақпыз. Өзіміздің қызметкерлерді әзірлеп, оқытып, осы ауруды емдеуге нұсқау болатын және диагностика қоюдың әдістемесін белгілейтін хаттама әзірленеді.

Біздің үлкен мамандарымыз ДДҰ-ның өкілдерімен бірге осы бағытта жұмыс істеп жатыр», деді министр.

Орынбек ӨТЕМҰРАТ, «Egemen Qazaqstan»

аурудың уақтылы алдын алуға жағдай жасайды. Індеттен саулық, халықтың денсаулығы, жануарлардан алынатын өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігі ветеринариялық ем-дом шараларының уақтылы жүргізілуіне байланысты.

Індетке қарсы іс-шараларды толық жүргізу үшін ветеринариялық қызмет пен жеке қосалқы шаруашылық иелері жұмысты келісе отырып жүргізіп, ем-дом шараларының сапасы мен толықтығына, олардың уақтылы жүргізілуіне ерекше көңіл бөлу қажет, осының барлығына жануарлардың иелері өздері ат салысуы керек. Жануарлардың, соның ішінде құстардың инфекциялық, инвазиялық аурулар бойынша саулығын, зооноздарға, жануарлардан алынатын өнімдердің, шикізат пен жемшөптің санитариялық сапасына қатысты адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін профилактикалық, эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүйесіндегі маңызды бұйын профилактикалық дезинфекция болып табылады. Дезинфекцияның негізгі мақсаты - эпизоотиялық тізбекті оның маңызды бұйыны – ауру қоздырғышының инфекция, инвазия көзінен сезімтал ағзаға берілу факторларына әсер ету арқылы бұзу.

Осыған байланысты, жануар иелерін өз жануарларын ветеринариялық ем-дом жасатуға беруге, оларды бірдейлендіруге шақырамыз. Ветеринариялық заңнама талаптарын сақтауды сұраймыз.

Аманкелді НҰРМҰҚАНОВ – «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ профилактика және бірдейлендіру бөлімінің бас маманы.

ТАҒАЙЫНДАУ ДЮСЕМБИН ЕРКЕБҰЛАН ЕРБОЛҰЛЫ



Тайынша аудан әкімінің экономика, құрылыс және жедел мәселелер жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы қызметіне Дюсембин Еркебұлан Ерболұлы Тайынша ауданы әкімінің 2022 жылғы 21 шілдедегі № 343 өкімімен тағайындалды.

1991 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. 2012 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық

техникалық университетінің «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша бітіріп, 2014 жылы атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша аяқтап магистр дәрежесін алды. Еңбек жолын 2009 жылы Алматы қаласы «Әкімшілік ету және салық салу басқармасы» ММ инспекторы болып бастаған. 2015 жылдың қаңтар айынан Астана қаласы әкімдігінің жанындағы «Қоғамдық келісім» КММ қоғамдық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу бөлімінде басшылық етті. 2016 жылдың маусым айынан бастап 2017 жылдың қаңтар айына дейін Астана қаласындағы «Нұр Отан» партиясының кеңесшісі. 2017 жылдың қаңтар айынан бастап 2017 жылдың тамыз айына дейін Астана қаласындағы «Нұр Отан» филиалының бірінші орынбасары қызметін атқарды.

2018 жылдың наурыз айынан 2018 жылдың қазан айына дейін «Өркелі қала» ЖШС өндірісті-техникалық бөлімінде маман болып жұмыс істеді.

2018 жылдың қазан айынан 2020 жылдың қаңтар айына дейін Астана қаласы «Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ газ инспекциясы мен құрылымды көтеруді бақылаудың бас маман-мемлекеттік инспекторы.

2020 жылдың маусымынан 2021 жылдың қаңтарына дейін «Алматы тұрғын үй» ЖШС құрылыс бойынша инспектор. 2021 жылдың қаңтарынан 2021 жылдың желтоқсаны аралығында ҚР ЦДИАӨМ геодезия және картография комитетінің "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК «Шығысгеодезия» филиалы директорының орынбасары.

Осы кезгі тағайындалғанға дейін Нұр-Сұлтан қаласы ҚР ЦДИАӨМ геодезия және картография комитетінің "Ұлттық геодезия және кеңістіктік ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК автоматтандыру басқармасының басшысы лауазымында қызмет атқарды.

* * * * *

«АДАЛ КӨМЕК» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

«Antikor ortalygy» сервистік орталығында мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу үшін кезекке тұрғызу мәселелері түсіндірілді. Петропавл қаласы әкімдігінің ТКШ бөлімінің коммуналдық және ипотекалық тұрғын үйді есепке алу және бөлу, құқықтық жұмыс секторының бас маманы Қайрат Ахметовке қабылдауға облыс орталығының тұрғындары жүгінді. Мысалы, бюджеттік ұйымның қызметкері Ерлан Әбілқаримовке мемлекеттік органның оны тұрғын үй кезегіне қоюдан бас тартқаны сұрақ тудырды.

Сарапшының айтуынша, мамыр айында жас жігіт өтініш берген кезде база дұрыс жұмыс істемеген. «Бұл жүйедегі ақаулыққа немесе құжаттар тізбесінің болмауына байланысты болуы мүмкін. Мысалы, жұмыс орнынан анықтаманың жоқтығы. Мен өтінімді қайта беруді ұсынамын. Қазіргі уақытта бағдарлама жұмыс істейді, шағымдар түскен жоқ», - деді Қайрат Ахметов. Сонымен қатар, сұрақтар кезекте тұрғандар тізімін жаңартуға қатысты болды. Маманның айтуынша, кезекте тұрғандар базасы тоқсан сайын жаңартылып отырады, соңғы жаңарту мамыр айында болған.

Бұған дейін аумақтық Департамент жетім ретінде кезекте тұрған азаматты алып тастау мәселесін қарастырған болатын. Мемлекеттік органның араласуынан кейін азаматтың құқықтары қалпына келтірілді.

Айта кетейік, жаңа талаптар аясында Солтүстік қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті тұрақты негізде өңір халқы үшін сезімтал мәселелер мен салаларға тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ

Заңды тұлғалардан құжаттарды қабылдауды оңтайландыру мақсатында ХҚКО бөлімшелері арқылы өтініштерді қабылдауды ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілді, онда өтініштерді қабылдау орталығы жұмыс істейді – Конституция көшесі, 72 мекенжайы бойынша №2 ХҚКО осындай болып табылады.

Енді заңды тұлғаларға құжаттарды тапсыру үшін филиалдың кеңсесіне келудің қажеті жоқ. Айта кету керек, қазіргі уақытта электрондық үкімет порталында резидент еместер үшін басшының ауысуы, орналасқан жерінің өзгеруі электрондық хабарлама негізінде емес, автоматтандырылған режимде базаға енгізілмейді. Атап айтқанда, заңды тұлғалардан жолданған құжаттардың келесі түрлері бойынша хабарлама сипатындағы қызметтерді көрсету ХҚКО-ларда жүзеге асады.

- 1) заңды мекенжайының (резидент еместердің) өзгергені туралы хабарлама
- 2) заңды тұлға басшысының (резидент еместердің) өзгергені туралы хабарлама
- 3) заңды тұлғаның жарғылық капиталын ұлғайту туралы хабарлама
- 4) заңды тұлғаның Экономикалық қызмет түрін өзгерту туралы хабарлама
- 5) басшы мен құрылтайшының дербес деректерінің өзгергені туралы хабарлама (т.а.э. өзгеруі)
- 6) заңды тұлғалардың тіркелген заңды тұлға туралы мәліметтерді ұсынуға қатысты сұрау салулары.

Жоғарыда көрсетілген қызметтер хабарлама жасау тәртібімен жүзеге асырылады, тіркеу алымын төлеу көзделмеген.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" ҚР Заңының 14-2-бабына сәйкес заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) тіркеу деректеріне өзгерістер мен толықтырулар:

- 1) акционерлік қоғамды, филиалды (өкілдікті) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) орналасқан жері өзгерген жағдайда;
- 2) басшы өзгерген (басшыны тағайындау, басшының міндетін атқарушыны тағайындау, заңды тұлғаның мүлкі мен қызметін басқарушыны тағайындау, басшыны лауазымынан шеттету);;
- 3) осы Заңның 14-1-бабында көзделген талаптарды қоспағанда, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жүзеге асырылады;
- 4) жарғылық капиталдың үлесін сенімгерлік басқаруға беру;
- 5) шаруашылық серіктестіктерінің жарғылық капиталын ұлғайту;
- 6) Экономикалық қызметтің негізгі түрінің өзгеруі;

Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) осы баптың бірінші бөлігінің 1), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген тіркеу деректеріне өзгерістер мен толықтырулар осы бапта көзделген құжаттарды қоса бере отырып, электрондық хабарлама негізінде енгізіледі.

Жыл басынан бері Алматы қаласы филиалы бойынша хабарламалық сипаттағы 428 өтініш келіп түскен. Оның 94- ЭУП арқылы, 167- кеңсе арқылы қабылданған, Е-өтініш жүйесі бойынша-167.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ СҚО бойынша баспасөз қызметі.

* * * * *

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС ҰЛҒАЮДА

2022 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинақтары шамамен **13,4 трлн теңгені** құрады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс істей бастағаннан, яғни 1998 жылдан бергі инвестициялық табыс сомасы **7,2 трлн теңгеден** асты. Бұл ретте 2014 жылдан бастап, БЖЗҚ-да барлық зейнетақы активтерін біріктіруді аяқтау кезеңінде алынған инвестициялық кіріс шамамен **6,4 трлн теңгеге** жетті.

2022 жылы геосаяси жағдайдың нашарлауы аясында қаржы нарықтарында да жалпы тұрақсыздық сипат алды. Осы кезең басталғаннан бері зейнетақы активтерінің кірістілік көрсеткіштерінің инфляцияның өсуі және қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалауға байланысты оң да, теріс те құбылмалылығы байқалуда.

Дегенмен, құралдар, салалар және валюталар бойынша портфельді әртараптандыру есебінен биылғы жылдың маусымында, өткен айлардағы көрсеткіштердің уақытша төмендеуін жапқан оң инвестициялық табыс орын алды. Жарты жылдың қорытындысы бойынша салымшылар мен алушылардың шоттарына 338 млрд теңгеден астам инвестициялық табыс түсті. Зейнетақы активтері бойынша ҚР Ұлттық Банкімен қамтамасыз етілген соңғы 12 айдағы (2021 жылдың шілдесінен 2022 жылдың маусымына дейін) жылдық табыстылық 7,33% құрады. Инвестициялық басқарудың және зейнетақы активтерін есепке алудың барлық жүйесі ашық болып табылады: әрбір салымшы өзінің инвестициялық табысын enpf.kz сайтындағы Жеке кабинетте немесе мобильді қосымшада көру мүмкіндігіне ие. БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі БЖЗҚ зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗҚ ресми сайтындағы www.enpf.kz "Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет" бөлімінде жарияланады.

БАЗАРҒА КЕЛУШІЛЕРДІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТТІ

Шілденің 27 жұлдызында Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының төрт ауылдық округінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты түсіндіру бойынша кездесулер ұйымдастырылды. Іс-шаралар жаңа форматта, ауыл тұрғындарымен тікелей диалогта өтті.

Мысалы, Преснов ауылдық округінде кездесу жергілікті базар аумағында өтті. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Департаментінің инспекторы Светлана Зайцева адамдарды таяудағы бес жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасымен таныстырып қана қоймай, азаматтарды толғандыратын сұрақтарға қолжетімді тілмен жауап берді. Ауыл тұрғындары жол мен азық-түліктің қымбаттауына наразылықтарын жеткізді. Лектор сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің қабылданған картасына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы бейінді ведомство осы мәселелерді ерекше бақылауға алғанын атап өтті. Преснов, сондай-ақ Благовещенск, Қазан және Кладбинск ауылдық округтерінде спикер азаматтарды шетте қалмауға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы хабарлап отыруға шақырды.

«Егер біз дайындалып жатқан террорлық шабуыл туралы естісек, дереу 102-ге хабарлаймыз, бірақ лауазымды адам пара алса, көзімізді жұма саламыз. Сыбайлас жемқорлықтың зияны да орасан екенін түсіну қажет», - деп қорытындылады Светлана Зайцева.

Естеріңізге сала кетейік, әрбір адам 1424 Call-орталығын тере отырып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы хабарлай алады.

* * * * *

КӨЛІКТІК БАҚЫЛАУ ИНСПЕКЦИЯСЫНДА

Ағымдағы жылы 8 сәуірде Петропавл қалалық сотының үкімімен СҚО бойынша КБИ Автомобиль көлігіндегі бақылау бөлімінің бас мамандары Д.М. Байзақ және А.А. Сарсенов пара алғаны үшін әрқайсысы 6 жылға бас бостандығынан айырылды.

Солтүстік Қазақстан облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин ҚР ҚПК 200-бабы бойынша ұсынымды талқылау шеңберінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін жағдай жасаған мән-жайлар туралы айтып берді.

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында 2021 жылдың сәуір айында инспекцияның бас мамандары Д.Байзақ пен А.Сарсенов «Петропавл-Мамлютка» автожолында жылжымалы көліктік бақылау пунктінде тәуліктік ауысымында болып, тасымалдаушылардың жүк тасымалдау ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру барысында ЖШС басшысынан, кәсіпорынның жүк көліктерінің кедергісіз қозғалысы мен жалпы қамқорлығы үшін 100 000 теңге сомасында пара алды», - деді Нұрлан Жахин.

Спикердің айтуынша, Инспекция қызметкерлері жылжымалы бақылау пункттерінде кезекшілік атқару кезінде видеожетонды немесе мобильдік зияткерлік бақылау құралын пайдаланбаған, олар арқылы аудио, бейнежазба не қызметкерлердің әрекеттері (әрекетсіздігі) тіркеледі.

Ұсынымды қарау нәтижелері бойынша қарамағындағы қызметкерлердің жұмысына ведомстволық бақылаудың жоқтығы үшін Инспекция басшысы Р.М. Сейталиев сөгіс түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Айта кету керек, соңғы үш жылда бұл көліктік бақылау инспекциясы қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлықтың үшінші фактісі. Бұған дейін бас маман мен бөлім басшысы түрлі жылға бас бостандығынан айырылған болатын.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі.

* * * * *

ЖОЛ МӘСЕЛЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Аудандық мәслихат депутаттары Лавровка-Келлеровка-Тайынша-Чкалово жолының орташа жөндеуіне мониторинг жүргізді. Жолдың жұмыс учаскесінде техникалық қадағалау қызметінің екі қызметкері болды.

Трассаға мониторинг жүргізу барысында асфальт температурасының өлшемі - 145 градус (норма 130-140), төселген төсемнің ені өлшемі курвиметр көрсеткіштеріне сәйкес 5.7 метрді құрады (жоба аяқталған кезде төсемнің ені 6.0 метрді құрайды).

Озерное ауылына кірме жолды жөндеу мониторингі кезінде депутаттар суық ресайклинг технологиясын (асфальт-бетон сынықтарын ұсақтау нәтижесінде алынған топырақты, тас материалдар мен асфальт түйіршігін бекіту, алдын ала фрезерлеу және жолда араластыру арқылы) пайдаланумен танысты.

Туындаған барлық сұрақтар бойынша мердігерлер қажетті түсініктемелер берді.

Әрбір тұрғын сұрақтар туындаған кезде немесе қандай да бір сәйкессіздіктер анықталған кезде мәселені одан әрі шешу үшін тиісті органдарға жүгіне алады.

БІЛІМ БАСТЫ НАЗАРДА

Соңғы жылдары еліміздің білім саласына енгізілген жаңашылдықтар қоғамда қызу талқыланып жүр. Осы орайда білім саласының білікті мамандары да ел болашағы деп отырған өскелең ұрпаққа сапалы білім беруде ұсыныстарын айтып, қазақстандық білім беру жүйесін құруға атсалысуда. Егер алдағы оқу жылында енгізілетін бұл жаңашылдықтар жайында қояр сұрақтарыңыз болса, 87752929381 (Арайлым Бейсенбаева) нөміріне немесе araily86@mail.ru поштасына жолдай аласыздар.

Облыстық білім басқармасының баспасөз қызметі

* * * * *

БАЛАБАҚШАЛАРДЫ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ

Балабақшаларды лицензиялау - олардың жұмысын жақсартып, жемқорлықты азайтады және күрт қысқартуға әкелмейді. Бұл туралы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Гүлзат Көбенова Оқу-ағарту министрлігінің Facebook парақшасында өткен брифингте айтты. Ол лицензиялау кезең-кезеңімен жүргізілетінін және оны енгізу 2024 жылға жоспарланғанын атап өтті. Яғни бұл мектепке дейінгі ұйымдарға жұмысты сапа стандарттарына сәйкестендіру үшін уақыт берілетінін білдіреді. Лицензия алу үшін балабақшалар ең төменгі біліктілік талаптарына сай болуы керек. Әңгіме жасалған жағдайдың сапасы, кадрларды іріктеу, бейнекамералар орнату, санитарлық және өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау.

«Бүгінгі таңда мектепке дейінгі ұйымдарды ашуға бірыңғай талаптар жоқ. Балабақша ашқанда қандай жағдай жасалғанын, кімді жұмысқа алады, материалдық-техникалық жабдықталуы қандай екенін ешкім тексермейді. Кейбір жекеменшік балабақшалар тіпті ашылғаны туралы да хабарламайды. Балабақшаларды лицензиялау 2011 жылы тоқтатылған болатын. Ол кезде бұл балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды арттыруға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні біз балабақшамен 100 пайызға дейін қамтуға қол жеткіздік. Елімізде 11 мыңға жуық мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оның 5 мыңнан астамы жекеменшік. Енді біз сапа мәселесін бірінші орынға қойып отырмыз. Ешкім балабақша санын қысқартуды мақсат етіп отырған жоқ. Министрлікке ата-аналардан арыз-шағымдар түсіп жатыр. Егер балабақшаның жұмысы талапқа сай болса, онда ол еш қиындықсыз лицензия алады. Ал егер сәйкессіздіктер болса, оларды жою қажет. Міне бар-жоғы осы. Министрлік 2024 жылдан бастап кезең-кезеңімен лицензиялауды енгізеді. Балабақшадағы жұмысы сапалы жүріп жатқан кәсіпкерлерге қорқатын ештеңе жоқ. Қалыпты, талапқа сай жұмыс істеп жүрген балабақшалар лицензиялаудан қорықпайтынын ерекше атап өткім келеді. Рәсім толығымен автоматтандырылып, тұрақты түрде жұмыс істейді», - деді Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Гүлзат Көбенова. Бірінші кезеңде енді ашылып жатқан мектепке дейінгі ұйымдар лицензия алады. Бұл жылына шамамен 200-дей балабақша. Келесі кезеңде - қайта мемлекеттік аттестациядан өте алмаған мектепке дейінгі ұйымдар (жылына 10-15 балабақша). Содан кейін тәуекелді бағалау дәрежесіне байланысты қалған барлық жұмыс істеп тұрған балабақша өтеді.

«Балабақшалардың 93%-ы мемлекеттік тапсырыс (мемлекеттік қаржыландыру) алады. Балабақшаның иесі ретінде балаларды оқытып жатырмыз ба, қалай оқытамыз, оларды қалай тамақтандырамызды ешкім білмейтінін айта аламын. Ата-аналар бізге сенеді, бірақ бақылау жоқ. Бұған 10 жыл бойы барлығы бой үйретіп алған. Бірақ оның салдарын көріп отырмыз. Ал қазір ешкім бақылау жүргізілгенін қаламайды. Олардың қатарында мен де бармын. Егер ақылға салып қарайтын болсақ, мен үш баланың анасымын. Бүгін мен балабақша жұмысымен айналысып отырмын, бірақ ертең мұндай жұмыс істемеймін мүмкін. Ал немерелерім қандай балабақшаға барады? Балалар жылында келер ұрпақтың болашағын ойлауымыз керек. Ваучерге келетін болсақ. Неге балабақша құрылтайшылары ата-аналарды ақымақ көреді? Неліктен кейбіреулер ата-аналар өз қалтасынан төлей алмайды деп ойлайды. Неге олар ата-аналарға ақша бергісі келмейді? Біз онлайн несие аламыз, коммуналдық төлемдерді, айыппұлдарды және т.б. төлейміз. Балабақшалардың құрылтайшылары ата-аналар ваучер жүйесін пайдалана алмайды деп ойлай ма? Бұл қаржыны бөлудің ашықтығы», - дейді «Әділет» республикалық мектепке дейінгі және орта білім беру қауымдастығының төрағасы Динара Құдайқұлова.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі

КӘСІПКЕРЛІККЕ КЕҢ ӨРІС

Облыстық маңызы бар Келлер-Чкалово автожолының бойында "Адал" дәмханасы жолаушыларға өз есігін айқара ашты. Кәсіпкер Зауре Тұрлыбаева басшылық ететін дәмхана ғимаратында сонымен бірге азық-түлік және тұрмыстық тауарлар дүкені бар. Кәсібін дөңгелетіп, одан әрі кеңейтуді мақсат еткен Зауре Әлішерқызының айтуынша, келушілердің басым бөлігі жүргізушілер мен жолаушылар.

Үй тағамдарынан басқа, мәзірге туралған ет, ұй-



қан "Адал" дүкеніне де келушілердің қатары қалың. Дүкен сөрелерінде сүт, қаймақ, сары май, қымыз, жұмыртқа, коспа, құрт өнімдерін табуға болады.

Дәмхананы алдағы уақытта ет өнімдерімен ауданға танымал кәсіпкер М.Бакиров қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Ашылу салтанатына жиналған қонақтардың қатары қалың болды.

СҚО Кәсіпкерлер Палатасының Тайынша аудандық филиалының директоры А.Нұрахмет, Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Н.В.Голубь, аудандық мәслихат депутаты А.Абдрахманова жаңа жұмыс орнының алдағы күндеріне сәттілік тіледі. Бұл күні дүкен төңірегінде орналасқан үйлердің балаларына балмұздақ таратылып, арнайы аниматорлар шақырылды. Соны-



ғыр лагманы, палау сияқты тағамдар енгізілген. Тамақтану орны барлық қажеттіліктермен жабдықталған және санитарлық талаптарға сәйкес келеді. Бүгінгі таңда кәсіпорында бес адам жұмыс істейді. Айта кетерлігі, З.Тұрлыбаева "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы әзірлеген "Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына қатысушы. Ол үшін кәсіпкер СҚО Кәсіпкерлер Палатасының Тайынша аудандық филиалына жүгініп, жеңілдетілген несиені рәсімдеген. Бағдарламаның көздеген негізгі мақсаты — өңірлік кәсіпкерлікті дамытуды және жұмыс істеп тұрған жұмыс орындарын қолдау, жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру болып табылады.

Осыдан бір жарым жыл бұрын есігін айқара аш-



мен бірге, халыққа тегін палау үлестірілді.

Негізгі мамандығы бойынша есепші Зауре Тұрлыбаева әлемдік үрдістерді үнемі бақылауда ұстайтынын жасырмайды. Содан болар, дүкен мен дәмхананың инфрақұрылымы да заманауи талаптарға сай. Іске сәт!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

«БІЗ ӘЛЕМДІ АСЫРАЙМЫЗ!»

Өткен аптада Тайынша ауданы бойынша «Дала күні» аталып өтті. Жылдағы дәстүр бойынша өтетін бұл ауыл шаруашылығының атаулы күні, биыл жылдағыдан ерекше болды. Атауы да басқаша, жұмыс жоспары мен

берді. Осындай үлен мемлекеттік іс-шараның біздің Тайынша жерінде өткені, әрине, тайыншалықтар үшін зор мақтаныш! Тайынша жерінде келген меймандарды аудан әкімі Р.А.Аңбаев өзі қарсы алып, аудан көлеміндегі жетістіктермен бөлісті. Мұндай компаниялардың еліміздің жағдайының бұрынғыдан да жақсаруына жағдай жасайтынын айтты. Сонымен қатар, барлық аудандағы шаруашылықтардың басшылары мен жеке кәсіпкерлер қатынасқан бұл ауқымды кездесу-шынымен де тәжірибе алмасу, озық технологияларды пайдаланудағы таптырмас кездесу болды.

Осы компаниямен тікелей байланыста жүрген «АстықСТЕМ» ЖШС-і осы тәжірибе алмасуды, 200-ге тарта агроқұрылымдар қатынасқан үлкен іс-шараны алғашқылардың бірі болып өз еңбек даласында қарсы алып өткізді. Виноградовка ауылының іргесінде орналасқан егіс алқабынан басталған жиын Абай ауылдық округі маңындағы «АстықСТЕМ»-нің егіс алқаптарында жалғасты.

Биыл «Евразия Групп Казахстан» компаниясына 24 жыл толды, оның 20 жылында ол Қазақстан Республикасы мен Қырғызстанда «Джон Дир» ұлттық дилері болып табылады. Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласына ауқымды үлес қоса отырып, Евразия Групп бизнес жүргізуге кешенді тәсіл енгізуде, ол бойынша әрбір фермер кез келген қызмет түріне алдыңғы қатарлы әлемдік өндірушілерден шешім таба алады: топырақты өңдеу және Vaderstad егу үшін шешімдер, жүк арту жұмыстары мен JCB мал шаруашылығы үшін әмбебап шешімдер, сондай-ақ Brandt, Mazzotti, және тағы басқа шешімдер ала алады.

Жуырда ғана Евразия Групп GRIMME неміс компаниясымен қызмет жасай бастады, Қазақстан нарығына картоп өндірушілер үшін өздігінен жүретін және тіркемелі өнім жиындарын жеткізеді, сондай-ақ GRIMME еншілес кәсіпорыны Asalift арқылы пияз, қызылша, сәбіз және басқа көкөніс дақылдарын жинау үшін шешімдер тапты. Ауыл шаруашылық бизнестің кез келген түріне кешеді тәсілді растай отырып, Lindsay американдық брендтен топырақты суландыру үшін шешім мен Gagele көкөніс сақтауға арналған құрылғы компания өнімдерінің тізімін толтыра

түседі.

Неге шешім, жай ғана техника емес? Себебі компания дәл егіншілік пен ауыл шаруашылығын цифрландыруға басты назар аударады – ол үшін 2007 жылы өздерінің Агроменеджмент саласы құрылды. Бұл жерде де шешімдер спекторы шексіз деуге болады, қазақстандық 2,4 млн гектар алқап Евразия Групп Казахстан шешімдерімен цифрландырылған!



мерекенің өту бағдарламасы да өзгеше өтті. Негізгі қамтылған тақырып- ауыл шаруашылығының жетістіктерін көрсету, озық технологиялар көрмесін ұйымдастыру болды. «Евразия Групп Казахстан» ЖШС ауыл шаруашылығындағы №1 қарқынды дамып келе жатқан компания- негізгі осы іс-шараның жетекшісі десек артық емес. Өйткені өздерінің техника-



сын көрмеге ұсынып және әрбір техниканың жұмыс механизмімен таныстырумен қатар, қалай пайдаланылуын іс жүзінде де көрсетті. Компания мамандары ауыл шаруашылығы мамандарымен тәжірибе алмасып, кездесу барысында туындаған сұрақтарға да жауап



Еңбек еткен жылдары компания үлкен аумақтық желіні дамытты – бүгінгі күні Қазақстанның 15 қаласында компанияның өкілдіктері бар. Әр өкілдікте – өзінің қызмет көрсету орны мен қосалқы бөлшектер қоймасы бар. Атап айтсақ, Евразия Групп компаниясында қызмет ететін 450 адамның 50 пайызы өнімді



сатқаннан кейінгі қызмет көрсетушілерді құрайды.

2022 жылдан бастап Евразия Групп Казахс-



тан жаңа Eurasia Crop Care бағытын ашып, фермерлерге жоғары сапалы тұқымдар, тыңайтқыштар мен өсімдікті қорғау құралдарын ұсынады, сонымен қатар өсімдіктерді қорғау бойынша өзіндік МТС қызметін құрды. Компанияның барлық қызметі «Біз әлемді асы-

«Гала»картоп түрі мен «Каскад»сәбіз түрлері және одан да басқа дәнді-дақылдарын өсіріп,халықтың жағдайын жасап отыр.Аудан бойынша үлкен компаниялардың көмегімен, озық техникалар жаңаша технологиямен жұмыс атқарады. Асқан жауапкершілікті қажет ететін шарушылық басында тұрған басшы С.А.Звольскийдің және оның бірге иық тіресе еңбек етіп жүрген ұжым мүшелерінің әрқайсысының еңбегі зор.Осы жиынға Қазақстанның әр жерінен келген ауылшаруашылығы мамандары Тайыншалық ауылшаруашылығы мамандарының ерен еңбектерін көріп тамашалады. Суармалы картоп егістіктеріндегі, сәбіз және де басқа дәнді – дақылдардың биылғы жауын-шашын аз болып тұрған жылында жайқалып өсіп тұрғанын көріп, осы жиын делегаттары сол өнімді күзде аман-есен жинап алуға ақ тілектерін де айтып жеткізді.

Жаңа Қазақстанды құру елді дамыту парадигмаларын өзгертуге бағытталған. Біз әр қадамымызды саралап, таңдаған жолымызбен алға сенімді

қа, тоғышарлыққа және сыбайлас жемқорлыққа табанды түрде қарсы тұрамыз. Бір-бірімізді жат көрмей, жақын тартып, қоғамда нақты өзгерістерге деген сенімді орнықтырамыз. Жұртымыздың күш-жігеріне, дарыны мен еңбекқорлығына сүйенеміз. Әр



азаматтың өз қабілетін іске асыруына барынша қолайлы жағдай жасаймыз. Біз осылайша ғана халқымыздың жасампаздық әлеуетін арттыра аламыз,- деген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылған ойын қолдаймыз,осы бағытта еңбек етіп ха-



раймыз!» миссиясын ұстанады.

Міне, осынау алып компаниямен тығыз байланыста болып, техникаларымен шаруашылықтың техника қорын толықтырып жүрген бұл шаруашылықта осы іс-шараның өтуі тегін емес. «Астық СТЕМ»ЖШС – аудан көлеміндегі ілгері шаруашылықтардың бірі.

қадам басамыз. Біз жаңа Қазақстанда «түрлі көзқарас, бірақ біртұтас ұлт» қағидатын берік ұстануға тиіспіз. Диалог пен мәміленің жоғары мәдениеті еліміздегі азаматтық ынтымақты арттыратын басты фактордың біріне айналады. Біз надандық пен ескілікке, радикализм мен масылдық-

лықтың жағдайын жақсарту жолында еңбек атқарамыз, - дейді ауылшаруашылығы мамандары.Іске, Сәт! Ауылшаруашылығы мамандары, еккен егіннен мол өнім алып, озық техникаларды меңгере беріңіздер!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДА СПАРТАКИАДА ӨТТІ



Аудандық ардагерлер ұйымының жұмысы, мерекелік іс шаралар кезіндегі

сол спорт ойындарына қатынасып, өз өнерлерін ортаға салып жүрген ардагерлеріміздің бұл еңбегін ерлікке теңестіруге болады. Өздерінің егде жастарына қарамай, мерекелік іс-шараларға қатынасып, кейінгі жастарға үлгі болып жүрген қарияларға бар дауыспен «Тек қана Алға!» дейміз.

“Дені саудың – жаны сау” дейді дана халқымыз. Салауатты өмір салтын сақтау, спортпен шұғылдану кез келген адам үшін маңызды. Осы ретте Тайынша ауданының алдыңғы толқын өкілдері, яғни ардагерлер арасында спартакиада болып өтті. Спорттық шараға қатысып, салауатты өмір салтын өздеріне серік еткен тайыншалық ардагерлердің



қатары қалың болды. Басты мақсат — бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау.

Спорттық шараға аудан әкімінің орынбасары Гүлбаршын Бәтенова, ардагерлер кеңесінің төрайымы Нина Попова және “Аманат” партиясы Тайынша аудандық филиалының атқарушы хатшысы Мереке Хамзин қатысып, жарысқа

белсенділік танытулары аудан көлемінде ерекше байқалады. Осы ұйымның төрайымы Н.В.Попованың басшылығымен жүйелі де жоспарлы, мағынасы зор жұмыстар атқарылуда. Қашанда болмасын өткізілген іс-шаралардың мәні мен мағынасы өте терең. Тіпті, аудан көлеміндегі қарияларымыз өз алдына мерекелік бағдарламалар құрып, көпшілік алдында өнерлерін ортаға салып жүр. Сондай-ақ, олар қоғам өміріне де белсене араласады. Қоғамға деген қамқорлықтарымен қатар, күрмеуі қиын кейбір мәселелердің шешілуіне де ықпал етіп жүр. Аудан көлемінде, әрине, спорт ойындары жиі өтеді, ал



қатысушыларға сәттілік тіледі. Сайысқа қатысушылар дойбы, шахмат, арқан тарту, веложарыс және басқа да спорт түрлері бойынша бақ сынады.

Асқан белсенділік танытып, жақсы көрсеткіштерге қол жеткізген алдыңғы толқын өкілдері жүлделі орындарды өз қоржындарына салып, лайықты марапатқа ие болды. Атап айтқанда, медаль, диплом және арнайы сыйлықтарымен марапатталды.

Әлбетте, бұл өте жақсы бастама, мағынасы зор, игілікті іс деп білеміз. Өйткені мұндай дәстүрлі спорттық шаралар ардагерлерге күш-қуат беріп, жас ұрпаққа үлгі-өнеге болары анық.

«АЛАБОТА» АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА - 90 ЖЫЛ

Қызылжар өңірінде байырғы шаруашылықтардың бірі саналатын «Алабота» асыл тұқымды мал зауытының құрылғанына биыл 90 жыл толып отыр. Шаруашылықтың осы мерзім аралығындағы саланы дамыту жағдайын саралайтын болсақ, Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен, селекционер-ғалымдармен бірлесіп отырып, қазақтың ақбас тұқымды сиырларын өсіруге ерекше ден қойылып, сүттілік, еттілік өнімділігін арттыруда озық технологияларға негізделген ғылым жаңалықтары тәжірибеге берік енгізілді.

Жалпы, қазақтың далалық жерлерінде еркін жайылып үйренген қазақы сиыр жеткілікті түрде өсіріліп, еті патшалық Ресейде үлкен сұранысқа ие болғаны, базарлар толық қамтамасыз етілгені, «черкес еті» деген атпен танылғаны жөнінде деректер аз емес. Мәселен, орыс зеттеушілері Е. Лискун, А. Ланин бұл туралы өз жазбаларында нақты мысалдар келтірген. Осы себепті болар, кеңес одағы кезінде мал шаруашылығын өркендету барысында жергілікті малдың өнімділігін арттыру көзделіп, етті бағыттағы герефорд тұқымымен будандастыру негізінен Қазақстанда қолға алынған. 1928 жылы әкелінген бастапқы герефорд малының 900 басы 13 облыстың 68 ауданына таратылған. Сөйтіп будандастыру жұмыстары ел аумағының 48 пайызын қамтыған. 1932 жылы қазіргі Алабота ауылдық округіне қарасты Аққұдық ауылында «№ 300» деген атпен етті шаруашылықтың іргетасы қаланып, мал шаруашылығын дамытуға айрықша ден қойылады. Жазы құрғақ, қысы суық климатқа төзімді, жайылым, күй талғамайтын, етінің дәмдік сапасы жоғары қазақы сиырдың тұқымын жақсарту жұмыстары қолға алынады. Ол үшін репродуктивтік, биологиялық, сапалық қасиеттері ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеліп, өнімділігін жетілдіру мақсатымен етті бағыттағы герефорд тұқымымен жоспарлы түрде жаппай будандастыруға пәрмен беріледі. Жүйелі түрде жүргізілген сұрыптау жұмыстарының нәтижесінде өзіндік ерекше белгілері қалыптасқан (еттік бағыттағы сапасы бекіген, тектік қасиеті тұрақталған) жаңа тұқым пайда болып, КСРО Министрлер кеңесінің қаулысымен «қазақтың ақбас сиыры» деген мәртебесі бекітілді. 1968 жылы асылтұқымды мал өсіретін кеңшарға айналды. Шынын айтқанда, жаңа тұқымның өсіп-шығуына ұрғашы малдың табиғаттың қатал сынына төзімділігі, еркек малдың тектілік тегеуріні сияқты факторлар ықпал жасады. Бұзаулардың тез жетіліп, жылдам салмақ қосуына қазақы сиырдың майлы сүті әсер етті. Еркек-ұрғашысына ортақ қасиет - ет сапасы мен сүттің майлылығы бірін-бірі толықтырып тұрды. Жергілікті малмен салыстырғанда жаңа сиыр тұқымының салмағы 200 килоға дейін ауыр тартты. Сауын сиырлар сүтті көп бере бастады. Жас төл тәулігіне 1000-1200 граммға дейін салмақ қосты. Сөйтіп, қолданылған сындарлы жұпта үдерісі табиғи сұрыптау тезінен өткізілген, жергілікті жерге бейімделген жаңа тұқымның шығуына ұласты. Статистикалық мәліметтер бойынша 1991 жылы қазақтың ақбас сиыры мал саны жағынан шырқау шегіне жетіп, 1370 мың бас болды. Етті бағыттағы малдың 55 пайызын құрады. Бүгінде шаруашылығымыз сиыр етін өндірудің көшбасшысы саналады. Мал табындары селекциялық шаралармен толық қамтамасыз етілген. Экономикалық жағынан тиімді бірлескен жобалар ғылыми ізденістерге, тәжірибелерге толы.

Мал шаруашылығының өзектілігі мен маңызы ғылыми жағынан қамтамасыз ету, соны жаңалықтарды өндіріске енгізу десек, қазақтың ақбас сиырының генетикалық әлеуетін одан әрі жоғарылату, тұқымын жетілдіру, өз төлі есебінен табындарды толықтыру өнімді молайтуға зор мүмкіндіктер ашты. Жүргізілген тәжірибелер біз күткеннен де асып түсті. Етті ірі қара малы төлінің туғандағы салмағы, енесінен айыру, жеке азықтандыру, бордақылау, тірідей салмақ қосу сияқты индекстер құрастырылып, генетикалық қасиеттері қандай деңгейде екені ғылыми түрде болжанып отырады. Малдың асылтұқымды белгісін анықтаудың бір жолы - генотипін бағалау. Етті ірі қара шаруашылығында асылдандыру ісі ауқымды шараларды қажет ететіндіктен, малдың тектік потенциалдық айырмашылықтарын зерттеудің маңызы зор. Әсіресе, жаңа туған төлдердің өскенге дейінгі аралықтағы жүйенің алатын орны үлкен. Олардың өсімталдылығының ет өнімділігіне әсері орасан, мұның өзі асыл тұқымды шаруашылықта басты селекциялық белгі саналады.

Қарышты қадамдар ауылдық округте жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берді. Шаруашылықта негізінен жергілікті тұрғындар еңбек етеді. Президент, Үкімет, облыс әкімдігі белгілеген іргелі міндеттерді орындау бағытында арнайы бағдарлама қабылданды. Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту жөніндегі бірлескен жобалар аясында қаржылық, несиелік жеңілдіктер беріліп, игілігін көріп отырмыз. Алабота - жері құнарлы, жайылымы шүйгін өңір. Жергілікті табиғат жағдайына бейімделген, мал өсіре білген шаруа адамына табыс көл-көсір. Оған етті бағыттағы қазақтың ақбас сиырын өсіру саласындағы жетістіктеріміз дәлел. Малдың солтүстік өңірге бейімделген өсімтал тұқымын көбейтуге, табынды асылдандыруға ғылыми тұрғыдан

үлкен мән беріледі.

Тағы бір жаңалығымыз, қазақтың ақбас мұқыл сиыры секілді жаңа тұқым өніп-өсіп, бүгінде үлкен сұранысқа ие. Жергілікті жағдайға төзімді, жоғары күтімді онша талғамайтын қазақтың ақ бас тұқымынан табыннан табын өргізіліп, мал асылдандыру фермасының материалдық-техникалық базасы жаңғыртылды. Сүт өндіруге де мықтап бет бұрып отырмыз. Ішкі резервтерді қиоластыра білу де іскерлікті қажет етеді. Ірі қара малының тұқымын асылдандыру, табындарды сұрыптау, қолдан ұрықтандыру, жаңа тұқымды жетілдіру бағытында жасалған келісім-шарттар жеміссіз емес. Мал табындарын асылдандырып, өнімді молайтуда шкі-сыртқы мүмкіндіктердің ретін тауып, мемлекеттің жеңілдіктерін пайдалану өте ұтымды. Асыл тұқымды малдарды сатумен де айналысамыз. Оған сұраныс мол. Жасыратыны жоқ, асыл тұқымды мал өсіруге жан-жақты қолдау көрсетіліп отырғанына қарамастан, кей серіктестік басшыларының істі ілгерілетуге құлықсыздығы қарын аштырады. Меніңше, мал шаруашылығын өркендетудің қиындығын көлденең тарту әншейін сылтау ғана. Керісінше, қайтарымы мол, жылдың төрт мезгілінде де қызу еңбек қыз-қыз қайнап жататын табысты сала екенін ұғынатын мезгіл жеткен секілді. Үкіметтің демеуқаржысы есебінен ғана ұлан-ғайыр міндеттерді жүзеге асыруға болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында атап көрсеткендей, тиісті ведомстволар қағазбастылық, бюрократтық бөгесіндерден арылатын болса, жөн-жосықсыз талаптар азайып, түпкі нәтижелерге бағдарланған нақты жұмыс істеудің мүмкіндіктері көбейер еді. Ауылдың негізгі күнкөрісі - мал. Оны қолдағы деректер де айғақтайды. Өңірде ірі қара малдың 90-95 пайызы - жеке адамдардың иелігінде. Демек, бұл төңіректе де проблемалар баршылық. Еті де, сүті де мол әрі құнарлы мал табындарын өсіру оңай емес. Көп жерлерде мал дәрігерлері тапшы, білікті мамандар жетіспейді. Екіншіден, берік жемшөп базасы жасалып, оның құрамы витаминді заттармен байытылуы шарт. «Сиырдың сүті - тілінде» деп бекер айтылмаған. Мемлекет басшысы етті мал шаруашылығын дамыту бағытында айқындап берген келелі міндеттерді абыроймен орындау - солтүстікқазақстандық мал өсірушілер үшін де үлкен сын. Мұндай абыройлы белестен мүдірмей өту - өз қолымызда. Серіктестікте өсірілетін 4200 бас ірі қара мал ерте көктемнен қоңыр күзге дейін жайылымдарда бағылады. Бес мал жаю алаңы барлық қажетті құрылғылармен, сүмен, электр қуатымен, бақташылар үшін үй-жаймен толық қамтамасыз етілген. Ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрсе де, бала-шағасымен ата кәсіпті серік еткен әулеттердің бірі - Р.Нұрышевтер мен Ж.Кәрібаевтар отбасы. Жұмағали ағамыз - «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері. Бұлардың қатарында механизаторлар С.Жағыпаров пен П.Шишкиннің есімдері мақтанышпен аталады. Жылда 3 мың тонна шөп, 5-6 мың тонна сабан, 15 мың тонна шырынды жемаздық дайындап жүрміз. 16 мың гектар алқапқа дәнді, майлы және мал азығы дақылдары егіледі. Инвесторлардың қаржылық қолдауымен өндірістік базалар, астық қырман, қоймалар, қалпына келтіріліп, аумақтары асфальтталды. Мал асылдандыруға арналған бірнеше желі іске қосылды. Агроқұрылым 240 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Кадр, маман тапшылығы жоқ. Округ тұрғындарына барынша әлеуметтік көмектер көрсетіледі. Шаруашылықтың қаражаты есебінен балалар алаңы, қоғамдық монша салынды. Бұрынғы кеңес ғимараты жөнделіп, пошта бөлімшесі, учаскелік инспектор, кітапхана, ауыл дәрігері орналасты. Фельдшерлік-акушерлік пунктте 4 дәрігер мен медицина қызметкері жұмыс істейді. Наубайханада күніне 300-350 бөлше нан пісіріледі. Бағасы өте қолжетімді - 90 теңге ғана. Әлеуметтік нан зейнеткерлерге 60 теңгеден босатылады. Асхана күніне 50 жұмысшыны тамақтандырады. 178 оқушысы бар орта мектептің жылу қазаны қалпына келтірілді.

Жұмыс орындарын ашу жұрттың әлеуметтік жағдайына тікелей әсер ететіні, талассыз шындық. Ауылдардың тұрақты дамуы, экономикамыздың еселеп молаюы да осыған байланысты. Қасым-Жомарт Кемелұлы Үкіметтің кеңейтілген отырысында агроөнеркәсіп кешенін дамытпай азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін емес екенін қадап айтты. Қазақстан өнім алу тиімділігі жөнінен әлемдік деңгейден әлдеқайда артта қалған. Өзіміздегі тұқыммен қамтамасыз ету 51 пайызды ғана құрайды. Картоп пен қант қызылшасы секілді өнімдерде бұл көрсеткіш 10 пайыздан да аспайды. Елімізде шаруалар қажетті тыңайтқыштың төрттен бір бөлігін ғана шығарады. Бұлар - Президент келтірген деректер. Демек, отандық өнімдер өндіру мен сапасы әлі де өзекті мәселе деген сөз.

Ерлан АЛПЫСОВ,
«Алабота» асылтұқымды мал зауытының директоры,
облыстық мәслихаттың депутаты.



ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫН БАСТАДЫ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын іске қосты. Балалар жылында бұл акция «Мектепке жол – Шекарасыз жақсылық» ұранымен өтіп жатыр. Акция 2022 жылғы 31 тамызға дейін, яғни жаңа оқу жылы басталғанға дейін жалғасады.

Науқанға кез келген адам қатыса алады: еріктілер, бизнесмендер, меценаттар, үкіметтік емес ұйымдар және т.б. Қатысушылар мұқтаж отбасылар мен балаларға қолдау көрсете алады немесе керісінше көмек сұрай алады.

«Акция аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қажетті көмек көрсету мақсатында өткізіліп отыр. Балаларды жаңа оқу жылына дайындауға кез келген адам көмектесе алады. Осылайша әлеуметтік себептермен балалардың мектепке бармауының алдын аламыз. Әрбір мектепте әлеуметтік көмекке мұқтаж балалардың атаулы, жеке тізімдері жасалған. Білім беру ұйымдарында «жедел желі» үздіксіз жұмысы ұйымдастырылған. Қиын өмірлік жағдайға тап болған барлық бала мен ата-ана көмек сұрай алады. Өз кезегінде бей-жай қарамайтын азаматтар, кәсіпкерлер, меценаттар акцияға қосылып, мұқтаж жандарға қол ұшын соза алады», - деді ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Есенғазы Иманғалиев.

«Мектепке жол» акциясы жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында өткізілетінін атап өтейік. Акцияның 10 жылында 2 млн-нан астам балаға материалдық көмек көрсетілді. «Мектепке жол» акциясына қатысу үшін білім басқармалары мен ұйымдарына хабарласу қажет.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯ

Елбасының 2022 жылды Балалар жылы деп жариялауына байланысты қайырымдылық акциясына ерекше көңіл бөлініп, биылғы жылы акция «Дорога в школу - Добро без границ» ұранымен өтуде.

«Мектепке жол» акциясының мақсаттарының бірі – аз қамтылған және әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына оқу-тәрбие үдерісін табысты дамыту үшін материалдық көмек көрсету.

Ауданның білім беру ұйымдарында оқушыларды мектепке дайындауға көмек көрсету жұмыстары жүргізілуде. Көмекке мұқтаж балалардың мәліметтер базасы құрылды.

Балаларды мектепке дайындауға көмектесемін деушілер «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тікелей хабарласа алады. Байланыс тел. 21259 немесе тұрғылықты жері бойынша білім беру ұйымына хабарласуға болады.

«Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті Тайынша ауданының тұрғындары, ауылшаруашылық жануарларының аса қауіпті ауруларына қарсы күзгі ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар (вакцинация, бруцеллезге тексеру үшін жануарлардан қан алу, ауылшаруашылық жануарларын бірдейлендіру, сырғаларды ауыстыру) басталды, өңдеу жұмыстары ТЕГПН жүргізіледі.

Сіздерді түсіністікпен қарап, емдеу шараларын жүргізуге жәрдемдесуіңізді және жануарлар мен құстардың бар болуы, алуы және қозғалысы туралы «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес ауылдық округіңіздің ветеринариялық дәрігеріне жедел хабарлауыңызды сұраймыз.

«Тайынша ауданының ветеринариялық станциясы»
ШЖҚ МКК.

ҚҰТТЫҚ ТАЙМЫЗ!

Тайынша ауданына қарасты Кеңес ауылының тумасы, бүгінгі таңда Красный-Яр елді мекенінің тұрғыны, отбасында ардақты Әке, ақылшы ата

АЛПЫСОВ Қайрат Оралұлы



зейнет жасына жетіп, алдағы өмірінің бақытты кезеңіне аяқ басты. Қарапайым ерекше жанға, біздің әулетіміздің сыйлы да құрметті күйеу баласына, жездемізге, бажа-бауырымызға, отбасы мен өз әулетінің тірегі, жаны жайсаң құрметтімізге айтарымыз: Осы жеткен жасыңыз құтты болсын. Отбасыңызға береке-бірлік, өзіңізге мықты денсаулық тілейміз!

Жан-жарыңыз Зұлқия екеуіңіз балаларыңыз бен немерлеріңіздің қызығын көріп, қуанышты күндердің ғана күәсі болыңыздар.

Жасыңызға жас қосылып, отбасыңыздың тірегі болып, мәртебеңіз биіктей берсін!

*Зейнет жасы – ердің жасы еңселі,
Зейнет жасы – парасаттың өлшемі.
Жарқылдасаң самғап ұшқан сұңқардай,
Ақылшымыз деп мақтан тұтар ел сені.
Тірлік – теңіз, зейнет жасың ескегін,
Әнге толсын, күйге толсын кештерің,
Шын жүректен бақыт тілеп сарқылмас,
Қол соғады барша дос пен ағайын.
Зейнет жасың толып той мен думанға,
Тау секілді көрінеді тұлғаң да.
Туған-туыс тілегін сізге арнайды,
Ақ көңілмен бауыр, туыс - туған да.
Тойыңыз – тойға ұлассын!*

**Барлық туған-туыс, бауырлардың атынан:
балдызың - Дариха,бажаң - Жанат.**

* * * * *

АУДАНДЫҚ КІТАПХАНАДА БАЙҚАУ ӨТТІ

2022 жылдың 29 шілдесінде аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен аудандық кітапхана ғимаратында «Мемлекеттік тіл – тәуелсіздік символы» атты аудандық байқау өткізілді. Байқауға ауданның округтарынан және Тайынша қаласынан үміткерлер қатысты. Байқау 4 кезеңнен тұрды. Байқауда өзінің мемлекеттік тілді жетік білетіндігін көпшілікке паш еткен Донецк ауылдық округінің Донецк орта мектебінің оқушысы Полякова Кристина Викторовна 1 орынды иеленді. Екінші орынға Рощинск ауылдық округінің Рощинск орта мектебінің ұстазы Зейнолла Жұлдызай Азаматқызы ие болды. Үшінші орынды Келлер ауылдық округі мен Донецк ауылдық округінен келген Тойлыбай Нұрбахыт пен Семенова Юлияна Витальевна иеленді. Байқау жеңімпаздарына диплом мен бағалы сыйлықтар табысталды. Байқауға келген басқа қатысушыларға да белсенді қатысқаны үшін марапаттау табысталды.

Тайынша аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі.

КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округінің халық аз қоныстанған Теңіз елді мекенінің ең жақын елді мекенге қосылуы туралы күн тәртібімен, 2022 жылдың 24 тамызда сағат 11.00-де «ПЧ-15» ғимаратында Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округінің Теңіз ауылы тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

24 августа 2022 года в 11.00 часов в здании «ПЧ-15» состоится сход местного сообщества жителей села Тениз Чермошнянского сельского округа Тайыншинского района Северо-Казахстанской области с повесткой дня: «О присоединении малонаселенного пункта Тениз Чермошнянского сельского округа Тайыншинского района Северо-Казахстанской области к ближайшему населенному пункту».

* * * * *

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округінің халық аз қоныстанған Нагорное елді мекенінің ең жақын елді мекенге қосылуы туралы» күн тәртібімен, 2022 жылдың 23 тамызда сағат 11.00 медициналық пункт ғимаратында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округінің Нагорное ауылы тұрғындарының жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

* * * * *

Абай ауылдық округінің Тапшил ауылы тұрғындарының назарына 2022 жылғы 18 тамызда сағат 11-00-де А.С. Сәлімовтың жеке үйінде «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Абай ауылдық округінің Тапшил халық аз қоныстанған елді мекенінің ең жақын елді мекенге қосу туралы» күн тәртібімен жергілікті қоғамдастық жиынының өткізілуі туралы Сіздердің назарларыңызға жеткіземіз.

Вниманию жителей села Тапшил Абайского сельского округа, доводим до Вашего сведения о проведении схода местного сообщества 18 августа 2022 года в 11-00 часов в частном доме Салимова А.С. с повесткой дня: «О присоединении малонаселенного пункта Тапшил Абайского сельского округа Тайыншинского района Северо-Казахстанской области к ближайшему населенному пункту»


* * * * *

Киров ауылдық округінің Восточное ауылы тұрғындарының назарына 2022 жылғы 18 тамызда сағат 11-00-де С.Макажановтың жеке үйінде «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің Восточное халық аз қоныстанған елді мекенінің ең жақын елді мекенге қосу туралы» күн тәртібімен жергілікті қоғамдастық жиынының өткізілуі туралы Сіздердің назарларыңызға жеткіземіз.

Киров ауылдық округінің Трудовое ауылы тұрғындарының назарына 2022 жылғы 18 тамызда сағат 11-00-де Р.Кулушевтің жеке үйінде «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің Трудовое халық аз қоныстанған елді мекенінің ең жақын елді мекенге қосу туралы» күн тәртібімен жергілікті қоғамдастық жиынының өткізілуі туралы Сіздердің назарларыңызға жеткіземіз.

Киров ауылдық округінің Мирное ауылы тұрғындарының назарына 2022 жылғы 18 тамызда сағат 11-00-де Г.Санкиннің жеке үйінде «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Киров ауылдық округінің Мирное халық аз қоныстанған елді мекенінің ең жақын елді мекенге қосу туралы» күн тәртібімен жергілікті қоғамдастық жиынының өткізілуі туралы Сіздердің назарларыңызға жеткіземіз.

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ



Ардақты әкеміз, ақылшы атамыз - **Исмаилов Сәлімжан** осыдан 10 жыл бұрын өмірден озды. Әкемізбен, атамызбен өткен балалық шақ, бірге жүрген күндер, ойнап- күлген отбасылық талай қызық-қуаныштарымыз, өкінішпен артта қалды. Оның сабырлы мінезі, қонақжайлылығы, адамгершілігі мен қайырымдылығы ешқашан есімізден кетпейді. Әкемізді, ақылшы атамызды сағына еске ала отырып, топырағың торқа, жанның жәннатта нұрлансын деп Алладан тілейміз, Құран бағыштаймыз.

*Әкеден асқар жоқ екен!
Әкенің сөзі оқ екен.
Қарайып жүрсе қасыңда,
Уайым-қайғы жоқ екен.*

*Ата, өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,
Ел айтады, жұрт айтады жарысып.
Көпшіліктен алған алғыс, сауабың,
Жатқан шығар, рухыңменен қауышып.*

*Әке, ақылшы ата көзден кеттіңіз мәңгі жырақтап,
Сенбей сізді көп іздедік біз жылап.
Кетіңіз ғой бұл өмірден мәңгіге,
О дүниені мекен қылып тұрақтап.*

*Әке-Ата деген асқар тауың, орманың,
Әке деген жұбанышың, қорғаның!
О, адамдар бар кезінде Әкені,
Қадірлейік, өкініште болмағын!*

*Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,
Көнеміз ғой тағдырдың салғанына.
Көзімізге еріксіз ыстық жас келеді,
Әке, Атамыз өзіңді сағынып, еске алғанда!*

*Бәйтеректей әулетке сая болған,
Бәрінен де мейірімін аямаған.
Жәннатта жаның болсын, рухың биік,
Өзіңдей қайда бізге аяулы адам.*

*Жалғап өскен ағайынның арасын,
Қайран Әке, бір төбе дарасың.
Тірі болса артыңдағы ұрпағың,
Атамыз, сіз мәңгі есте қаласыз!*

*Қол жайып «Әумин» — деп бата оқып,
Жүреміз талай барып қабіріңе!
Мейіріммен жымиған күлкіңізді,
Еске алып, мәңгілікке сағынамыз.
Жатқан жерің, жаныңызы жайлы болып,
Сәуле шашып тұрсыншы қабіріңде.
Еске алушылар: Исмаиловтар әулетінің ұрпағы,
балалары, немере-шөберелері.*

9 сынып негізінде



07161600 «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»
Біліктілігі:
Зв07161601 «Слесарь-жөндеуші»
Зв07161602 «Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шебері»
Зв07161603 «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі»

Байланыс мәліметтер:

мекен-жайымыз: Тайынша қ. Қазақстан Конституциясы көшесі, 261
тел: 8 (715-36) 23-0-90,
8 (715-36) 23-0-97
e-mail: Prof-licei@mail.ru
ресми сайты:
<http://college-tsh.sko.kz>

Біздің колледж өзіне сенімді, адамдар үшін, жетістікке жетуді қалайтындар үшін, жерде өз ізін қалдыратындар үшін!



07320100 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану»
Біліктілігі:
Зв07320104 "кең бейінді құрылыс шебері"
ӨЗв07161605 "Әрлеу құрылыс жұмыстарының шебері"



10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»
Біліктілігі:
Зв10130301 «Кондитер-декоратор»
Зв10130302 «Аспазшы»

Тайынша агробизнес колледжі



«Тайынша агробизнес колледжі» КММ
Сіздерді оқуға шақырады!

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп № 10803-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Талсырыс 257. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715 36) 23-8-51

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.